



EGEMEN QAZAQSTAN

«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» эстафетасы басталды

Қазақ тілін үйрену үшін ынта керек пе, уақыт керек пе? Тіл үйренуге не кедергі? Төл мерекеміз тәуелсіздік күніне орай елордада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты форумында дәл осы мәселелер көтерілді. Тіл туралы әдеттегі жиындардан өзгеше форматта өткен форум жұмысында қазақ тілін ана тіліндей меңгерген азаматтар емін-еркін ой-пікір алмасып, тіл үйрену жолын өзгелерге үлгі ете отырып, баяндап берді.



Форумға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Жансейіт Түймебаев, Парламент Мәжілісінің депутаттары, мәдениет және өнер қайраткерлері, филология мен лингвистика саласының сарапшылары, қазақ тілі пәнінің мұғалімдері мен ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымының өкілдері қатысты. Жиында сөз алған Ж.Түймебаев жүктелген тапсырмалардың қандай дәрежеде орындалып жатқанын, түрлі этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді іс жүзінде қаншалықты меңгергенін нақты дәлелмен көрсетуді мақсат етіп отырғанын алға тартты.

– Бүгінгі жиынды Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тілге деген көзқарас – шындап келгенде, елге деген көзқарас» деген ұлағатты сөзімен бастағым келіп тұр. Елбасы жыл сайын ҚХА сессиясында «Қазақ тілі баршаны біріктіретін, жастарды жақындастыратын татулық тіліне айналуға тиіс!» деп үнемі айтып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та биылғы халыққа арнаған Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деген болатын. Мемлекеттік тіл мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керектігін де еске салғаны белгілі, – деген ол форумға еліміздің барлық облысынан қазақ тілін жатық білетін, күнделікті тұрмыста қолданып, мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосып жүрген жүзден астам ұлыс өкілі қатысып жатқанын жеткізді.

– Бүгін ортамызда отырған азаматтардың арасында түбі бір түркі тілдес елдерге қарағанда, славян тектес халықтардың өкілдері көптеп келіп отыр. Яғни, орыс, украин, неміс, беларус, поляк, латыш, тағы басқа ұлт жастары-

ның арасында қазақ тілін жетік меңгергендердің көптігіне көз жеткіздік. Бұл қуанарлық жағдай, ауыз толтырып айтуға тұрарлық көрсеткіш, – деді Ж.Түймебаев. Ол форум жұмысын ашық деп жариялап, жастар мен делегация өкілдерін ашық алаңға пікір алмасуға шақырды. Бұдан соң мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері мен этномәдени бірлестіктердің мүшелері бірқатар сауалдарға жауап беріп, тіл үйренудегі жеке тәжірибесімен бөлісті. Атап айтсақ, қазақ тілін білу арқылы қалай жетістікке жетуге болатынын егжей-тегжейлі баяндап, тіл меңгеруде қандай әдістерге сүйенгенін, сондай-ақ мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту үшін не істеу керектігіне кеңінен тоқталды. Мәселен, Атырау облысы, Жылыой ауданына қарасты Құлсары қаласының тұрғыны Юлиана Новикова қаладағы «Өркен-2» бөбекжай-бақшасында тәрбиеші болып қызмет етіп келеді. Қазақ отбасына келін боп түскен Юлиана қазақтың салт-дәстүрлерін ұстанып қана қоймай, дастарқанынан ұлттық тағамдарды үзбейтін көрінеді.

– Жұбайым Шерхан үйдің кенжесі болғандықтан, қарашаңырақтың иесі. Қазақ тілін мектепте оқып жүргенімде үйрене бастадым. Бұл ретте көп көмегін берген достарыма, көршілеріме, ұстазыма көп алғыс айтамын. Үйде сәлем саламын, ал үйдің үлкендері «бақытты бол, қосағыңмен қоса ағар» деп батасын береді. Осы ақ тілекті естімей жүрген келіндер қанша ма? Сәлем салудан кішірейіп қалмайсың, үлкеннің батасын алып, сәлем беруге асығайық, – деді ол. Ал Чешенстандағы соғыс уақытында отбасымен Ақтауға жер ауып келген Жамалайл Әлимханов өзінің қызықты да тағылымды әңгімесімен көпке үлгі болды.

– Отбасымыз 1995 жылы Қазақстанға қоныс аударды. Балалық шағым Ақтау қаласында өтті. Орыс мектебінде білім алдым. Бейжіндегі Қытай саяси университетінде ағылшын, қытай тілдерінде білім алған соң, 2014 жылы туған қалама оралып, мұнай компаниясына жұмысқа орналастым. Бірақ мені бір ой үнемі мазалап тұрды. Әлемнің 4 тілін үздік меңгердім, бірақ мемлекеттік тіл – қазақ тілін білмейді екенмін. «Мен қазақ тілінде сөйлей алған кезде ғана өзімді қазақстандық деуге құқығым бар» деп өзіме серт бердім, – деп еске алды Жамалайл. Осылайша небәрі екі жылдың ішінде қазақ тілін жетік меңгеріп алған азаматтың ерік-жігері кімді болсын қайран қалдырары анық.

«Мен осы қоғамда өмір сүріп, елімнің дамуына өз үлесімді қосып отырмын. Мен үшін мемлекеттік тіл – менің екінші ана тілім. Осы тілде ойлаймын, осы тілде сөйлеймін. Бұл тілге деген құрметім бала кезден оянған. Араласып жүрген жолдастарым да осы тілде сөйлейді. Меніңше, мемлекеттік тілде сөйлеу дегеніміз – патриоттықтың белгісі», деген Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты Богдан Петров келелі пікірімен көптің көкейіндегісін тап басты. Қазақ тілінің көсегесін көгертіп жүрген жастарға риза болған Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық кеңес мүшесі Қазыбек Иса, қоғам қайраткері Өтеген Оралбай сынды ел ағалары

ризашылығын білдіріп, батасын берді. Форум аясында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, мемлекеттік тілді жетік меңгерген этномәдени бірлестіктердің белсенділері Президенттің Алғыс хатымен марапатталды. Мемлекет көздеп отырған меже бойынша, 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуі тиіс. Осы орайда Ж.Түймебаевтың бастауымен этнос өкілдерінің арасында «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» эстафетасы ашық деп жарияланды. Ескендір Хасанғалиев пен Қадыр Мырза Әлінің туындысы «Атамекен» әнін салтанатты түрде барлық қатысушылар орындап, эстафета Ассамблеяның Алматы қалалық хатшылығына жолданды. Шарт бойынша мемлекеттік тіл насихаты әлеуметтік желілер арқылы кеңінен қолданысқа ие болады.

Ая Өміртай